«Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан кейін – «Банк») Қазақстан Республикасында құрылған және өз қызметін 1988 жылдан бастап жүзеге асыратын акционерлік қоғам болып табылады. Банктің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі. Банкке қатысты уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан кейін – «ҚНРДА») болып табылады. Банк өз қызметін 2020 жылғы 3 ақпанда жаңартылып берілген №1.2.25/195/34 лицензияға сәйкес жүзеге асырады.

Банктің негізгі міндеті – коммерциялық банктік қызметті жүргізу, бағалы қағаздармен, шетел валютасымен және туынды құралдармен операциялар жүргізу, несие және кепілдіктер беру.

Банк Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының мүшесі болып табылады.

Банктің офісі Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 38 мекенжайы бойынша тіркелген.

2023 жылғы 12 қазанда Банк «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «Астана» халықаралық қаржы орталығындағы (бұдан әрі «АХҚО») филиалы ретінде АХҚО аумағында реттеліп көрсетілетін қызметті жүзеге асыруға лицензия алды. Осы лицензияға сәйкес Банктің АХҚО филиалы депозиттерді қабылдауды, банк шоттарын ашуды және жүргізуді, кредит беруді, ақшалай қызмет көрсетуді, кастодиандық қызметті, дилерлік қызметті, брокерлік қызметті жүзеге асырады.

2024 жылғы 19 қаңтарда Банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 240 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызу қағидаларына және ҚРҰБ Төрағасының 2024 жылғы 19 қаңтардағы № 17 бұйрығына сәйкес жүйелік маңызы бар банктер қатарына жатқызылды.

2026 жылғы 15 маусымда ҚНРДА Басқармасы «Банк ЦентрКредит» АҚ-қа «BCC ODEPT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – еншілес ұйымын құруға рұқсат беру туралы» қаулы қабылдады. 2026 жылғы 25 маусымда заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өтті.

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Банктің Қазақстан Республикасында 21 филиалы бар.

Банк – төменде көрсетілген еншілес компанияларды қамтитын Банк тобының (бұдан кейін – «Топ») бас компаниясы:

| Атауы                                                       | Қызметі жүргізілетін ел | Иеленетін үлесі      |                         | Қызметінің түрі             |
|-------------------------------------------------------------|-------------------------|----------------------|-------------------------|-----------------------------|
|                                                             |                         | 2026 жылғы 30 маусым | 2025 жылғы 31 желтоқсан |                             |
| «BCC Project» ЖШС                                           | Қазақстан Республикасы  | 100%                 | 100%                    | Стрестік активтерді басқару |
| «BCC Invest» АҚ                                             | Қазақстан Республикасы  | 100%                 | 100%                    |                             |
| «BCC Leasing» ЖШС                                           | Қазақстан Республикасы  | 100%                 | 100%                    |                             |
| «Sinoasia B&R» (Синоазия БиЭнДар) сақтандыру компаниясы» АҚ | Қазақстан Республикасы  | 92.45%               | 92.45%                  | Сақтандыру қызметі          |
| «BCC HUB» ЖШС                                               | Қазақстан Республикасы  | 100%                 | 100%                    | АТ қызметтері               |
| «BCC Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ                 | Қазақстан Республикасы  | 100%                 | 100%                    |                             |
| «BCC ODEPT» ЖШС                                             | Қазақстан Республикасы  | 100%                 | -                       | Цифрлық B2B-платформасы     |

|                                                             | 2026 жылғы 30 маусым |                | 2025 жылғы 31 желтоқсан |                |
|-------------------------------------------------------------|----------------------|----------------|-------------------------|----------------|
|                                                             | Меншік үлесі, %      | Сомасы         | Меншік үлесі, %         | Сомасы         |
| «BCC Project» ЖШС                                           | 100.00               | 31,288         | 100.00                  | 31,288         |
| «BCC Invest» АҚ                                             | 100.00               | 50,267         | 100.00                  | 45,264         |
| «BCC Leasing» ЖШС                                           | 100.00               | 30,916         | 100.00                  | 24,805         |
| «Sinoasia B&R» (Синоазия БиЭнДар) сақтандыру компаниясы» АҚ | 92.45                | 9,908          | 92.45                   | 9,908          |
| «BCC HUB» ЖШС                                               | 100.00               | 23,474         | 100.00                  | 15,953         |
| «BCC Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ                 | 100.00               | 10,000         | 100.00                  | 10,000         |
| «BCC ODEPT» ЖШС                                             | 100.00               | -              | -                       | -              |
| Еншілес компанияларға жасалған барлық инвестиция            |                      | <b>155,853</b> |                         | <b>137,218</b> |

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша жай акциялардың саны келесі үлгіде бөлінген:

|                                                        | 2026 жылғы<br>30 маусым<br>% | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан<br>% |
|--------------------------------------------------------|------------------------------|---------------------------------|
| Байсеитов Б.Р.                                         | 52.12                        | 52.11                           |
| Ли В.С.                                                | 12.00                        | 12.00                           |
| Басқалар (акциялардың кемінде 5%-ын жеке иеленетіндер) | 35.88                        | 35.89                           |
|                                                        | <b>100.00</b>                | <b>100.00</b>                   |

Осы жеке қаржылық есептілікті «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасы бекітті.

### **Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүргізу талаптары**

Банктің қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Сәйкесінше, Банктің бизнесіне Қазақстан экономикасы мен дамып келе жатқан нарықтың ерекшеліктері тән қаржы нарықтары ықпал етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер даму үстінде, алайда жиі өзгеріп отыратын талаптарды бір мағынада түсіндірмеу тәуекеліне байланысты, ол Қазақстанда бизнесін жүргізетін кәсіпорындар үшін басқа заңды және фискалды кедергілермен қатар қосымша проблемалар тудырады. Қазақстандық теңгенің құнсыздануы, әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы жалғасып жатқан әскери қақтығыс та шаруашылық қызметті жүргізу шарттарына қатысты белгісіздік деңгейін арттырады.

Ұсынылған жеке қаржылық есептілік Қазақстанда бизнес жүргізу жағдайларының Банктің қызметі мен қаржылық жағдайына әсерінің қандай болатынына қатысты басшылықтың пікірін білдіреді. Шаруашылық жүргізудің болашақ жағдайларының нақты әсері оларды басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

## **2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚҰРУ ПРИНЦИПТЕРІ**

### **Бухгалтерлік есептің негізгі принциптері**

#### **ХҚЕС (IAS) 34-ке сәйкестігі туралы мәлімдеме**

Қоса беріліп отырған жеке аралық қысқартылған қаржылық есептілік «Аралық қаржылық есептілік» ХҚЕС (IAS) 34-ке сәйкес дайындалған және оны Топтың 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша жасалған жеке қаржылық есептілігімен («соңғы жылдық қаржылық есептілік») бірге қарастыру қажет. Ол ХҚЕС талаптарына сәйкес қаржылық есептіліктің толық топтамасын ұсыну үшін ашып көрсетілуі қажет барлық ақпаратты қамтымайды.

#### **Есептеу принципі**

Ұсынылған жеке қаржылық есептілік есептеу принципіне сәйкес жасалған. Есептеу принципі төлем жасау уақытына тәуелсіз, жасалу фактісіне қарай шаруашылық операциялардың, сондай-ақ шаруашылық қызметтің нәтижесі болып табылмайтын оқиғалардың нәтижелерін мойындау арқылы қамтамасыз етіледі.

#### **Құнды анықтауға арналған база**

Жеке қаржылық есептілік өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша және әділ құны бойынша көрсетілген, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын, сонымен қатар артуы негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған резерв құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын ғимараттар мен құрылыстарды қоспағанда, нақты шығын бойынша есепке алу принципіне сәйкес әзірленген.

#### **Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы**

Банктің функционалдық валютасы – қазақстандық теңге. Теңге – Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы. Ол Банк жүргізетін операциялардың және оған байланысты, оның қызметіне әсер ететін жағдайлардың экономикалық мәнін ашып көрсетеді.

Сонымен қатар қазақстандық теңге – осы жеке қаржылық есептіліктің деректерін көрсету валютасы.

Жеке қаржылық есептіліктің барлық дерегі бүтін бір миллион теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенген.

Осы жеке қаржылық есептілікті жасаған кезде Банк тобы қолданған 2026 жылғы 30 маусымның және 2025 жылғы 31 желтоқсанның соңындағы валюта айырбастау бағамдары төменде көрсетілген:

|                   | 2026 жылғы<br>30 маусым | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан |
|-------------------|-------------------------|----------------------------|
| Теңге/Еуро        | 548.07                  | 593.44                     |
| Теңге/АҚШ доллары | 480.72                  | 505.53                     |

### **Банк қызметінің үздіксіздігін бағалау**

Жеке қаржылық есептілік Банк қызметтің үздіксіздік принципінің негізінде іс-әрекет етеді және өз операцияларын жақын арадағы болашақта да жалғастырады деген болжаммен жасалған.

Қызметінің үздіксіздігін қолдау үшін Банк қашықтан қол жеткізу арқылы операцияларды жүргізуді жалғастырады және орындарында жұмыс жасайтын қызметкерлердің денсаулығын қорғау үшін шаралар қабылдайды, соның ішінде жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етеді, арақашықтық режимін сақтайды, Банктің жайларын зарарсыздандырады. Сонымен қатар Банк клиенттердің операцияларын өңдеуді жүргізетін бөлімшелердің жұмысын ұйымдастыруды, банкоматтардың, терминалдардың, интернет-банкінгінің, мобильді банкінгінің, инкассация қызметінің, «Call-center» қызметінің үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз етеді.

### **Жауапкершілігі**

Басшылық аталған жеке қаржылық есептілікті ХҚЕС талаптарына сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға, сондай-ақ алаяқтық әрекеттер мен қателер салдарынан елеулі бұрмалаулардан ада жеке қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты болады.

### **Кредиттік тәуекелді басқару**

Тәуекелдерді басқару банктік қызметтің негізін құрайды және Банктің операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, сондай-ақ операциялық, құқықтық тәуекел және іскерлік беделді жоғалту тәуекелі Банк өз қызметін іске асыру барысында кезіктіретін негізгі (маңызды) тәуекел болып табылады.

Банктің Тәуекелдерді басқару саясаты Банкке тап болатын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты түрде бақылауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты және процедуралары нарықтағы жағдайдың, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтердің өзгерістерін және пайда болатын үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты түрде қайта қарастырылады.

Кредиттік тәуекел – контрагенттердің (қарыз алушылардың) шарттың талаптарына сәйкес пайызды және борыштың негізгі сомасын төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз болуының нәтижесінде Банктің қаржылық активтерден айырылу ықтималдығы. Банктің кредиттік тәуекелге ұшырайтын активтері бар. Банк бұл активтерді сандық және сапалық бағалау, сондай-ақ Банктің тарихи тәжірибесіне негізделген талдау арқылы басқарады. Қосымша ретінде Банк бекітілген тәуекел-тәбет аясында салалық лимиттерді, позицияларға арналған лимиттерді және тәуекел көрсеткіштерінің деңгейлерін белгілейді. Кредиттік тәуекел Банктің қызметін жүргізу және даму стратегиясын іске асырудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Өтімділік тәуекелі – бұл Банк өз міндеттемелерін орындау үшін акша қаражатын тартуда қиындықтарға ұшырауы мүмкін тәуекел. Осы қатер, тәуекел активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде туындайды. Банк шығарылған борыштық бағалы қағаздардан, негізгі корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалардың депозиттерінен тұратын қор құру көздерінің әртараптандырылған әрі тұрақты құрылымын, сондай-ақ жоғары өтімді активтердің әртараптандырылған портфелін қолдауға ұмтылады. Қазіргі уақытта Банк өтімділікке қатысты елеулі тәуекелдерді байқамаса да, бұл тәуекелге айрықша назар аударады.

Операциялық тәуекел Банктің қызметі барысында сөзсіз туындайды және қызметкерлер тәуекелі, бизнес-процестер тәуекелі, ақпараттық технологиялар мен қауіпсіздік тәуекелі сияқты тәуекелдің әртүрлі аспектілерін қамтиды. Банк операциялық тәуекелді басқару процесіне Банктің барлық қызметкері мен басшылығын тарту, әртүрлі деңгейдегі қызметкерлер мен басшылар арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу, оларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету және өзара іс-қимыл тәртібін белгілеу арқылы осы тәуекелді басқарады.

Валюталық тәуекел. Банктің бірнеше шетел валютасында көрсетілген активтері мен міндеттемелері бар. Валюталық тәуекел – валюталардың айырбастау бағамдарының өзгеруі салдарынан қаржы құралы бойынша әділ құнының немесе келешектегі акша қаражаты ағынының өзгеру тәуекелі.

Банк ашық валюталық позицияны басқару арқылы валюталық тәуекелді басқарады, бұл Банкке ұлттық валютаны және шетел валютасын айырбастау бағамдарының айтарлықтай ауытқуынан болатын залалды барынша төмендетуге мүмкіндік береді. Тәуекелді басқару жөніндегі бөлімше ашық валюталық позицияларға, күндік stop-loss көрсеткішіне, сондай-ақ мәмілелер мен контрагенттерге лимиттерді есептейді.

Пайыздық тәуекел. Нарықтағы пайыздық мөлшерлемелердің Банктің позицияларына әсер ететін қолайсыз өзгеруі нәтижесінде капитал мөлшерінің, табыс деңгейінің, активтер құнының төмендеуі салдарынан Банктің қаржылық жағдайының нашарлау тәуекелі. Пайыздық тәуекел Банктің қызметіне тән, себебі пайыздық кіріс – Банктің жиынтық кірісінің негізгі құрамдас бөлігі. Банк аталған тәуекел түріне ерекше назар аударады, өйткені Банктің активтері мен міндеттемелерінің елеулі бөлігі пайыздық тәуекелге ұшырайды. Тәуекелдің бұл түрін басқарудың негізгі тәсілдері портфельдердің дюрациясына лимиттер белгілеу, кірістер мен баланстық құрылымның нарықтағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдығын бағалау, сондай-ақ мерзімділікке байланысты қорландыру құнын айқындау арқылы жүзеге асырылады.

### 3. КЛИЕНТТЕР МЕН БАНКТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕ

|                                                      | 2026 жылғы<br>30 маусым | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан |
|------------------------------------------------------|-------------------------|----------------------------|
| Клиенттерге берілген несие                           | 4,932,531               | 4,615,570                  |
| Есептелген сыйақы                                    | 89,020                  | 77,897                     |
|                                                      | <b>5,021,551</b>        | <b>4,693,467</b>           |
| Залалға бөлінген бағамдық резервті шегергенде        | (210,342)               | (196,386)                  |
| <b>Клиенттерге берілген барлық несие</b>             | <b>4,811,209</b>        | <b>4,497,081</b>           |
| Банктерге берілген несие                             | 2,065                   | 13,324                     |
| Есептелген сыйақы                                    | 20                      | 88                         |
| Залалға бөлінген бағамдық резервті шегергенде        | (4)                     | (52)                       |
| <b>Банктерге берілген барлық несие</b>               | <b>2,081</b>            | <b>13,360</b>              |
| Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несие         | -                       | -                          |
| <b>Клиенттер мен банктерге берілген барлық несие</b> | <b>4,813,290</b>        | <b>4,510,441</b>           |

Келесі кестеде 2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша кредиттік өнімдердің түрлері туралы ақпарат көрсетілген:

|                                                                                                                   | Залалға бөлінген<br>резервті шегергенге<br>дейінгі шама | Залалға<br>бөлінген<br>резерв | Баланстық құны   |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|-------------------------------|------------------|
| <b>Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер</b>                                                                |                                                         |                               |                  |
| Корпоративтік қарыздар                                                                                            | 788,018                                                 | (31,609)                      | 756,409          |
| Шағын және орта бизнес                                                                                            | 545,060                                                 | (32,906)                      | 512,154          |
| <b>Жеке тұлғаларға берілген несие</b>                                                                             |                                                         |                               |                  |
| Ипотекалық кредит беру (оның ішінде «7-20- 25» және «Баспана Хит» бағдарламалары бойынша ипотекалық кредит беру). | 1,410,420                                               | (25,050)                      | 1,385,370        |
| Тұтынушылық кредиттер                                                                                             | 973,984                                                 | (55,879)                      | 918,105          |
| Автокредит беру                                                                                                   | 710,328                                                 | (27,665)                      | 682,663          |
| Бизнесті дамыту                                                                                                   | 593,741                                                 | (37,233)                      | 556,508          |
|                                                                                                                   | <b>5,021,551</b>                                        | <b>(210,342)</b>              | <b>4,811,209</b> |

Келесі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша кредиттік өнімдердің түрлері туралы ақпарат көрсетілген:

|                                                                                                                   | Залалға бөлінген<br>резервті шегергенге<br>дейінгі шама | Залалға<br>бөлінген<br>резерв | Баланстық құны   |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|-------------------------------|------------------|
| <b>Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер</b>                                                                |                                                         |                               |                  |
| Корпоративтік қарыздар                                                                                            | 764,436                                                 | (31,045)                      | 733,391          |
| Шағын және орта бизнес                                                                                            | 547,708                                                 | (29,160)                      | 518,548          |
| <b>Жеке тұлғаларға берілген несие</b>                                                                             |                                                         |                               |                  |
| Ипотекалық кредит беру (оның ішінде «7-20- 25» және «Баспана Хит» бағдарламалары бойынша ипотекалық кредит беру). | 1,350,228                                               | (26,731)                      | 1,323,497        |
| Тұтынушылық кредиттер                                                                                             | 826,721                                                 | (50,643)                      | 776,078          |
| Автокредит беру                                                                                                   | 674,843                                                 | (30,448)                      | 644,395          |
| Бизнесі дамыту                                                                                                    | 529,531                                                 | (28,359)                      | 501,172          |
|                                                                                                                   | <b>4,693,467</b>                                        | <b>(196,386)</b>              | <b>4,497,081</b> |

### Кредиттік портфельді талдау

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша Топта қарыз бойынша берешек қалдығы капиталдың 10%-ынан асатын қарыз алушылар немесе өзара байланысты қарыз алушылар топтары (аудит жүргізілмеген) жоқ.

### Кредиттерді экономика салалары және географиялық өңірлер бойынша талдау

Несиелер көбінесе Қазақстан Республикасының аумағында экономиканың келесі салаларында қызмет ететін клиенттерге берілді:

|                                                                | 2026 жылғы<br>30 маусым | 2025 жылғы<br>31 желтоқсан |
|----------------------------------------------------------------|-------------------------|----------------------------|
| Жеке тұлғалар                                                  | 3,688,473               | 3,381,323                  |
| Сауда                                                          | 287,486                 | 273,789                    |
| Қаржылық қызметтер                                             | 189,735                 | 165,666                    |
| Энергетика                                                     | 139,651                 | 131,402                    |
| Жылжымайтын мүлікті жалдау                                     | 118,215                 | 125,681                    |
| Металлургия                                                    | 73,350                  | 69,803                     |
| Өндіріс                                                        | 70,742                  | 69,289                     |
| Көлік және телекоммуникация                                    | 70,645                  | 63,147                     |
| Білім беру                                                     | 51,033                  | 55,624                     |
| Өнеркәсіп құрылысы                                             | 53,951                  | 54,645                     |
| Жабдықты тасымалдау және оған қызмет көрсету бойынша қызметтер | 51,174                  | 54,488                     |
| Тамақ өнеркәсібі                                               | 37,825                  | 46,828                     |
| Мұнай және газ өнеркәсібі                                      | 39,112                  | 42,483                     |
| Тұрғын үй құрылысы                                             | 31,534                  | 28,343                     |
| Ауыл шаруашылығы                                               | 30,990                  | 26,536                     |
| Бағалы металдарды қазу және өндіру                             | 13,127                  | 26,296                     |
| Машина жасау                                                   | 13,213                  | 13,145                     |
| Басқа                                                          | 61,295                  | 64,979                     |
| <b>Барлығы</b>                                                 | <b>5,021,551</b>        | <b>4,693,467</b>           |
| Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв                    | (210,342)               | (196,386)                  |
|                                                                | <b>4,811,209</b>        | <b>4,497,081</b>           |

Корпоративтік қарыздардың, шағын және орта бизнеске берілген несиелердің және жеке тұлғаларға берілген несиелердің сапасы

2026 жылғы 30 маусымдағы жай-күйі бойынша клиенттерге берілген несиелердің кредиттік сапасының талдауы төмендегіше көрсетілген:

|                                                                                                            | Корпоративтік<br>қарыздар | Шағын және<br>орта бизнес | Ипотекалық<br>кредит беру | Тұтынушылық<br>кредиттер | Автокреди<br>т беру | Бизнес<br>даму | Барлығы          |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|---------------------------|---------------------------|--------------------------|---------------------|----------------|------------------|
| <b>Клиенттерге берілген несие</b>                                                                          |                           |                           |                           |                          |                     |                |                  |
| Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер                                                                        | 784,351                   | 506,905                   | 1,380,243                 | 913,798                  | 680,149             | 532,053        | 4,797,499        |
| Мерзімінен кешіктірілген несиелер:                                                                         |                           |                           |                           |                          |                     |                |                  |
| - мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген                                                                  | 1,017                     | 9,374                     | 16,472                    | 28,855                   | 14,223              | 16,886         | 86,827           |
| - мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген                                                                     | -                         | 3,532                     | 3,270                     | 9,459                    | 4,082               | 8,139          | 28,482           |
| - мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген                                                                     | -                         | 3,449                     | 2,580                     | 5,935                    | 2,473               | 3,785          | 18,222           |
| - мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген                                                                    | 2,648                     | 8,596                     | 2,865                     | 6,818                    | 4,371               | 13,849         | 39,147           |
| - мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген                                                        | 2                         | 13,204                    | 4,990                     | 9,119                    | 5,030               | 19,029         | 51,374           |
| <b>Клиенттерге берілген барлық несие, күтілетін<br/>кредиттік залалға бөлінген резервті бөлгенге дейін</b> | <b>788,018</b>            | <b>545,060</b>            | <b>1,410,420</b>          | <b>973,984</b>           | <b>710,328</b>      | <b>593,741</b> | <b>5,021,551</b> |
| Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв                                                                | (31,609)                  | (32,906)                  | (25,050)                  | (55,879)                 | (27,665)            | (37,233)       | (210,342)        |
| <b>Клиенттерге берілген барлық несие, күтілетін<br/>кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенде</b>     | <b>756,409</b>            | <b>512,154</b>            | <b>1,385,370</b>          | <b>918,105</b>           | <b>682,663</b>      | <b>556,508</b> | <b>4,811,209</b> |

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша клиенттерге берілген несиенің кредиттік сапасының талдауы төмендегіше көрсетілген:

|                                                                                                            | Корпоративтік<br>қарыздар | Шағын және<br>орта бизнес | Ипотекалық<br>кредит беру | Тұтынушылық<br>кредиттер | Автокреди<br>т беру | Бизнес<br>даму | Барлығы          |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|---------------------------|---------------------------|--------------------------|---------------------|----------------|------------------|
| <b>Клиенттерге берілген несие</b>                                                                          |                           |                           |                           |                          |                     |                |                  |
| Мерзімінен кешіктірілмеген несие                                                                           | 763,614                   | 516,351                   | 1,328,164                 | 783,834                  | 645,311             | 484,950        | 4,522,224        |
| Мерзімінен кешіктірілген несие:                                                                            |                           |                           |                           |                          |                     |                |                  |
| - мерзімінен 30 күнге дейін кешіктірілген                                                                  | -                         | 6,041                     | 9,537                     | 16,252                   | 10,025              | 11,176         | 53,031           |
| - мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген                                                                     | -                         | 2,567                     | 3,086                     | 6,004                    | 2,891               | 6,028          | 20,576           |
| - мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген                                                                     | -                         | 1,101                     | 1,648                     | 4,042                    | 1,953               | 3,124          | 11,868           |
| - мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген                                                                    | 2                         | 2,962                     | 2,251                     | 7,310                    | 3,673               | 6,926          | 23,124           |
| - мерзімінен 180 күннен астам уақытқа кешіктірілген                                                        | 820                       | 18,686                    | 5,542                     | 9,279                    | 10,990              | 17,327         | 62,644           |
| <b>Клиенттерге берілген барлық несие, күтілетін<br/>кредиттік залалға бөлінген резервті бөлгенге дейін</b> | <b>764,436</b>            | <b>547,708</b>            | <b>1,350,228</b>          | <b>826,721</b>           | <b>674,843</b>      | <b>529,531</b> | <b>4,693,467</b> |
| Күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв                                                                | (31,045)                  | (29,160)                  | (26,731)                  | (50,643)                 | (30,448)            | (28,359)       | (196,386)        |
| <b>Клиенттерге берілген барлық несие, күтілетін<br/>кредиттік залалға бөлінген резервті шегергенде</b>     | <b>733,391</b>            | <b>518,548</b>            | <b>1,323,497</b>          | <b>776,078</b>           | <b>644,395</b>      | <b>501,172</b> | <b>4,497,081</b> |

Келесі кестеде 2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша кредит портфелінің кредиттік сапасы туралы ақпарат ұсынылған.

Егер шартта көзделген ақша қаражаттарының ағынын алмау тәуекелінің айтарлықтай төмендегенін және құнсызданудың басқа белгілерінің болмауын дәлелдейтін мән-жайлар болмаса ғана, Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауының салдарынан талаптары қайта қаралған кредит ереже бойынша құнсызданған кредиттік болып есептеледі. Сонымен қатар 90 және одан көп мерзімге мерзімінен кешіктірілген кредиттер құнсызданған кредиттік болып есептеледі

|                                                                                                                                                                    | 2026 жылғы 30 маусым                                  |                                                                                                                                       |                                                                                                                                     |                                                                                       |                  |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|------------------|
|                                                                                                                                                                    | 1-саты<br>12 айлық<br>күтілетін<br>кредиттік<br>залал | 2-саты<br>Құнсызданған<br>кредиттік болып<br>табылмайтын<br>активтер бойынша<br>бүкіл мерзім<br>ішіндегі күтілетін<br>кредиттік залал | 3-саты<br>Құнсызданған<br>кредиттік болып<br>табылатын<br>активтер бойынша<br>бүкіл мерзім<br>ішіндегі күтілетін<br>кредиттік залал | Құрылған<br>құнсызданған<br>кредиттік<br>қаржылық<br>активтер<br>(РОСІ -<br>активтер) | Барлығы          |
| <b>Корпоративтік клиенттерге берілген<br/>амортизацияланған құны бойынша бааланаты<br/>қарыздар – ішкі кредиттік рейтингі бар әсеке<br/>елеулі қарыз алушылар:</b> |                                                       |                                                                                                                                       |                                                                                                                                     |                                                                                       |                  |
| - 1 тг бастап 5 тг дейін                                                                                                                                           | 109,273                                               | -                                                                                                                                     | -                                                                                                                                   | -                                                                                     | 109,273          |
| - 6 тг бастап 10 тг дейін                                                                                                                                          | 463,230                                               | 8,282                                                                                                                                 | -                                                                                                                                   | 10,600                                                                                | 482,112          |
| - 11 тг бастап 15 тг дейін                                                                                                                                         | 237,147                                               | 64,020                                                                                                                                | -                                                                                                                                   | 39                                                                                    | 301,206          |
| - 16 тг бастап 20 тг дейін                                                                                                                                         | 23,327                                                | 1,605                                                                                                                                 | 15,695                                                                                                                              | -                                                                                     | 40,627           |
